

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік ломбарды туралы Ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 6 тамыз 1992 ж. N 660. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Қазақстан Республикасының "Кепіл туралы" Заңының 26-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік ломбарды туралы осыған қосылған Ереже бекітілсін.

2. Мыналардың:

Қазақ ССР Министрлер Советінің "Ломбардтың бірыңғай Жарғысын бекіту туралы" 1968 жылғы 23 желтоқсандағы N 738 қаулысының;

Қазақ ССР Министрлер Советінің 1968 жылғы 23 желтоқсандағы N 738 қаулысымен бекітілген "Қазақ ССР Министрлер Советінің "Ломбардтың бірыңғай Жарғысының 11-тармағының қосымшасына ішінара өзгерістер енгізу туралы" 1970 жылғы 23 наурыздағы N 198 қаулысының" күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1992 жылғы 6 тамыздағы
N 660 қаулысымен
Бекітілген

Мемлекеттік ломбард туралы

Ереже

1. Мемлекеттік ломбард "Қазақстан Республикасы азаматтық заңдарының нормаларына сәйкес құрылады, өзінің Жарғысы тіркелген сәттен бастап ол заңды ұйым хұқына ие болады және мүліктерді кепілдікке алып ақшалай қарыз беретін және мүліктерді сақтайтын мамандандырылған кәсіпорын болып табылады.<*>

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.01.19. N 71 қаулысымен.

2. Мемлекеттік ломбард өз қызметінде "Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі" (жалпы бөлім) және Қазақстан Республикасының басқа да

заң актілерін, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жасалған Жарғыны басшылыққа алады. < * >

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.01.19. № 71 қаулысымен.

3. Мемлекеттік ломбард өзінің мамандандырылған қызметінен басқа, заңға қайшы келмейтін әрі кәсіпорнының Жарғысына сай келетін басқа да кез-келген қызмет түрінің бағыттарын өз бетінше анықтап, жүзеге асырады, сонымен қатар түскен пайданы қалауынша жұмсайды.

4. Мемлекеттік ломбардқа сақтауға немесе кепілге өткізілген мүлік оның иесінің еркінен тыс соттың заңды түрде күшіне енген шешімімен немесе үкімімен немесе тергеу органдарының қаулысымен ғана алынуы мүмкін.

Осы аталғандай жағдайларда мүлік алынған кезде оны алушы ломбардқа сақтау құнын, сондай-ақ берілген қарызды процентімен төлеуге тиіс.

5. Мемлекеттік ломбард:

паспортын немесе жеке басын куәландыратын өзге құжатын көрсеткен жасы 18-ге толған азаматтардан асыл металдар мен тастардан жасалған бұйымдарды, жеке пайдаланудағы және тұрмыста ұсталатын заттарды сақтауға қабылдайды және оның бағаланған толық сомасының мөлшерінде материалдық жауапкершілікті өз міндетіне алады;

азаматтарға асыл металдар мен тұрмыста ұсталатын және жеке пайдаланудағы заттар үшін кепіл ретінде қарызға ақша береді;

сақтауға немесе кепілге қабылданған мүлікті бағаланған толық сомасы бойынша сақтандыру органында өзінің есебінен сақтандыруға міндетті;<*>

сақтауға және кепілге тапсырылатын заттарды ұсынылып отырған тізбе бойынша қабылдамайды;

кепілге қарыз ретінде шетел валютасы мен құнды қағаздарды бермейді; 50 сомнан кем бағаланған мүлікті сақтауға және кепілге қабылдамайды; өз міндеттемелері бойынша қолданылып жүрген заңға сәйкес өндіріп алуға болатын мүлігімен жауап береді.

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.01.19. № 71 қаулысымен.

6. Сақтауға немесе кепілге ломбардқа қабылданған кезде заттар екі жақтың келісімі бойынша бағаланады, ал асыл металл бұйымдары жергілікті әкімнің келісімімен ломбард белгілеген сатып алу бағасы бойынша қабылданады.

7. Мүлік кепілінің шарты екі жақтың қолы қойылған ломбард беретін кепіл билеті арқылы ресімделеді.

Билеттің үлгісін Қазақстан Республикасының Ұлттық мемлекеттік банкі бекітеді.

Мүлікті сақтағаны үшін және несиені пайдаланғаны үшін ломбард

шығындарының калькуляциясына және банк белгілеген сақтаудың толық мерзіміне мүлікті ломбардқа өткізу кезінде келісілген қарыз процентіне сәйкес төлем алынады.

Есеп айырысу әрбір 15 күнде жүргізіледі.

Бір кепіл билетіне берілетін қарыздың ең жоғарғы мөлшері қабылданған мүліктің бағаланған құнының проценттік қатынасымен есептеледі, әрі одан артпауға тиіс және бағаның өзгеруіне, қолдағы ақша қаражатына, мүлікті сақтау төлемінің мөлшеріне және қарызды пайдалану процентіне қарай калькуляцияға сәйкес белгіленеді.

Кепіл билетіне қол қойған әрбір кепіл билеті бойынша жеке есеп айырысады.

Бір адамға берілетін кепіл билеттерінің санына шек қойылмайды.

8. Қарыз 1 ай мерзімге дейін беріледі. Бұл мерзім аяқталғаннан кейін кепілде жатқан мүлікті сатып алу үшін бір ай жеңілдік беріледі. Тиісті құжаттармен расталған дәлелді себебі болған жағдайда ломбард өткізілген мүлікті және 2 айдан аса мерзімде қайтарылып алынбаған мүлікті сатылып кетпеген болса, иесіне қайтарып бере алады.

Мүліктерді сақтаудың ең ұзақ мерзімі 12 айдан аспауы керек, мерзімі өткен мүліктер сатуға жіберіледі.

9. Кепіл берушіге ломбард кассасына қарызды өткізбей-ақ асыл металдар мен заттардан жасалған бұйымдарды тағы да бір мерзімге (2 айға) қайта тапсыру хұқы берілуі мүмкін. Бұл ретте ол ломбардтың өткендегі барлық қызметі үшін процент төлейді.

Қайтадан кепілге салу бір рет жүргізіледі, әр кепіл билеті бойынша оның хұқы төленеді.

Қайтадан кепілге салу құны қызметтің осы түріне жұмсалатын шығындардың калькуляциясы бойынша белгіленеді.

10. Ломбардтағы кепілге берілген өнеркәсіп тауарларының қарызы белгіленген мерзімде қайтарылмаған жағдайда бұл мүлік нарықтағы сұранысқа сәйкес бағамен, алайда белгіленген құнынан төмен емес баға бойынша сату үшін сауда ұйымдарына беріледі. Қабылданған және уақытында қайтарылып алынбаған асыл металдар мен тастардан жасалған бұйымдар саудаластық пен аукциондар арқылы сатылады.

Уақытында қайтарылып алынбаған өнеркәсіп тауарларын және алтын мен асыл тастардан жасалған бұйымдарды сатудан түскен сомандан сақтау құны, берілген қарыз, қарыз проценті және мүлікті сату шығындары өтеледі.

Ломбард сатудан қалған соманың қалдығын, егер ондай қалдық болған жағдайда, кепіл билетін немесе сақтау квитанциясын көрсеткен болса, иесіне қайтарып береді.

Мүлік сатылған күннен бастап 3 жылға дейін талап етілмеген ондай соманың қ а л д ы ғ ы :

өнеркәсіп бұйымдарын сатудан түскені - республикалық бюджет кірісінің ж а р н а с ы н а ;

алтыннан және асыл тастардан жасалған бұйымдарды сатудан түскенінің:

80 проценті республикалық бюджеттің кірісіне;

10 проценті ломбардтың кірісіне;

10 проценті саудаластық немесе аукцион ұйымдастырған ұйымның кірісіне т ү с е д і .

Кепілге берілген немесе сақтауға өткізілген мүлікті сатудан түскен сома ломбардқа берешекті (ақшалай қарыздың сомасы, оны пайдаланғаны үшін проценті, сақтау ақысы, сату шығындары) өтей алмаған жағдайда, сондай-ақ сақтауға немесе кепілге өткізілген мүлікті сатудың мүмкіндігі болмаған жағдайда ломбард оның иесінен қалаған қарызды сот органдары арқылы өндіріп алады.

11. Ломбардта сақтауда немесе кепілде жатқан мүлікті алу хұқығын беретін сақтау квитанциясы мен кепіл билеті басқа адамға тапсырылған жағдайда, ол адам иесі белгіленген тәртіппен толтырылған сенімхат берсе ғана сол мүлікті ала а л а д ы .

12. Ломбардқа өткізілген мүлікке берілген кепіл билеті жоғалған жағдайда оның иесі паспортты немесе жеке басын куәландыратын құжатты көрсетіп, жазбаша арыз арқылы дубликат алады.

13. Үйде қызмет көрсеткені үшін, сондай-ақ дубликат бергені үшін төлем осындай қызмет түріне қойылған шығындардың калькуляциясы бойынша анықталады және әрбір кепіл билеті бойынша алынады.

14. Кепілді сатып алғанда немесе сақтауға берген мүлікті қайтарып алған кезде және мүлікті сатудан қалған ақша қалдықтарын алған кезде олар қабылданғанда берілген кепіл билеті немесе сақтау квитанциясы ломбардқа қ а й т а р ы л у ы қ а ж е т .

15. Мемлекеттік ломбард өз қызметін тоқтатқан кезде сақтауға және кепілге қабылданған мүліктердің осы Ережеде белгіленген мерзімде қайтарылып берілуі қамтамасыз етілуге тиіс.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

М е м л е к е т т і к л о м б а р д

т у р а л ы Е р е ж е с і н е

Қосымша

Ломбардқа сақтауға, кепілдікке қабылдауға болмайтын мүліктердің Тізбесі

Өңін айналдырып тіккен, өңі кеткен, қайта жөнделген, кір, жуылған, тігісі соңғы модаға сай келмейтін және стандартсыз (58-60 размерлі) пальтолар, костюмдер және әйел көйлектері.

Түгі түлеген және күйе түскен жарамсыз терілер және былғары бұйымдары, фабрикалық белгісі жоқ сапасы нашар барлық терілер.

Нысанды және арнаулы киімдер, ұсақ галантерея бұйымдары.

Пішіліп қойылған барлық түрлі маталар және толық тігіліп бітпеген заттар.

Ұзындығы 1,5 метрден аз барлық мата түрлері.

Киіз, тебіскі, резеңке және қолдан тігілген аяқ киімдер, сондай-ақ киілген аяқ киімдер.

Алтын сағаттан басқа барлық отандық сағаттар - стол, қабырға, қалта сағаттың барлық түрлері мен маркалары.

Темір құрсаулы шетел сағат маркалары.

Резеңке мен пластмасса бұйымдары.

Велосипедтер, аспаптар және барлық техникалық тетіктер мен құралдар түрлері.

Жиһаз, суық және атылатын қару, оның ішінде аңшы мылтығы.

Суреттер мен бюстер. Музыка аспаптары. Алтын және күміс теңгелер.

Сом алтын және оның ұнтақтары. Кесек күміс.

Керосин, бензин және де басқа зарарсыздандырылған иістері бар кілемдер.